

ӘОЖ 7.011.26

**ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМ  
ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ ОРТАҚТЫҚТАР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ  
«МӘДЕНИЕТ: ТІЛ: ҚОҒАМ» ҮШТІГІ КОНТЕКСІНДЕ  
ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

**IMPORTANCE OF RESEARCH IN THE CONTEXT OF THE  
TRILOGY "CULTURE: LANGUAGE: SOCIETY" OF SIMILARITIES  
AND DIFFERENCES OF SAMPLES OF TRADITIONAL CLOTHES OF  
THE CONTEMPORARY TURKIC PEOPLES**

Гүлғайша САҒИДОЛДА\*  
Әсем ҚАЙРАТҚЫЗЫ\*\*

**Түйіндеме**

Жалпыадамзаттық өркениеттегі түркі өркениетінің алатын орны туралы мәселе көптеген отандық және шетелдік мәдениеттанушы ғалымдардың зерттеулеріне арқау болғаны белгілі. Олардың еңбектерінде қазіргі түркі халықтарының этникалық мәдениеттерінің бастау-арналарын көне түркі және орта түркі дәуірлерінен іздестірудің, қазіргі түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеттерін өзара салыстыра зерттей отырып, олардағы ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктерді айқындаудың өзектілігіне ерекше мән беріледі. Бұл мәселелер әлемдік жаһандану үдерісінде түркі әлемінің рухани-мәдени тұтастығын сақтап қалуды қажет етіп отырған қазіргі заман үшін де көкейкесті мәселе болып қала бермек. Осы орайда қазіргі түркі халықтарының дәстүрлі киім үлгілерін түркілік мәдениеттің құрамдас бөлігі тұрғысынан «Мәдениет: Тіл: Қоғам» үштігі контекстінде пәнаралық деңгейде зерттеудің маңызы зор. Мақалада түркілердің киім үлгілерінің ішінен семантикалық статусы жоғары бас киім және оның құс қауырсынының асыл тастармен араластырып сәнделуі, сондай-ақ киімдердің жағасына, өңіріне, етек-жеңіне, белбеуге, т.б. салынатын ою-өрнектер түркілердің дүние бейнесінің мифологиялық-діни және эстетикалық-символикалық фрагменттеріне қарай жетелейтін мәдени кодтар тұрғысынан сараланады.

**Кілт сөздер:** Түркілік ортақ мәдениет, түркілердің дәстүрлі киім үлгілері, түркілік дүниетаным, мәдени дүние бейнесі, киімнің сәндік-эстетикалық семантикасы, ою-өрнек өнері, киім өрнектеріндегі түркілік ортақтық.

---

\* филология ғылымдарының докторы, профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана/Қазақстан.

Doctor of Philology, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana - Kazakhstan.  
E-mail: asem963@mail.ru

\*\* Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты. Астана/Қазақстан.  
Master student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Astana-Kazakhstan.

### Summary

It is well-known that the question of the place of Turkic civilization in the whole world civilization has been studied by scientists of many national and foreign culturologists.

In their works, special attention is paid to the search of the origins of the ethnic cultures of modern Turkic peoples in the ancient Turkic and Middle Turkic epochs, comparative study of the traditional cultures of modern Turkic peoples and the relevance of identities and peculiarities in them.

These issues remain a vital issue for the contemporary world, which requires preservation of the spiritual and cultural integrity of the Turkic world during the globalization process. In this context, it is important to study traditional samples of traditional Turkic peoples from the point of view of the Turkish culture in the context of the trilogy "Culture: Language: Society".

In the article, among the samples of Turkic samples, the semantic status of high headdresses and the design of the bird hinged with its precious stones, as well as the coat, region, saddle, belt, etc. ornamental patterns are distinguished from the cultural codes point of view that lead to the mythological, religious and aesthetic-symbolic fragments of the Turkic world.

**Keywords:** Turkic Common Culture, Traditional Turkish Patterns, Turkic Ideology, Cultural Image, Decorative-Aesthetic Semantics of Apparel, Ornament Art, Turkish Commonwealth in Apparel.

Мәдениет бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесінің құрамдас бөліктерінің бірі – ұлттық киім үлгісі этникалық мәдениеттің өзегін құрайды.

Киім белгілі дәрежеде адамдардың жас айырмашылығын, әлеуметтік ерекшеліктері мен этникалық ортасын танытады. Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабардар етеді. Түркі халықтарының ұлттық дәстүрлі киім үлгілерінде олардың этникалық тарихының іздері, мәдени-экономикалық және әлеуметтік-географиялық ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері бой көрсетіп, әр түркі халқының төлтума әсемдік талғамы, қолданбалы өнері (кесте тігу, тоқыма үлгісі, зергерлік өнері және т.б.), тіптен, көрші елдердің киіну мәдениетіне әсер-ықпалы көрініс береді. Осы орайда түркі халықтарының дәстүрлі киім үлгілеріндегі, киіну мәдениеттеріндегі ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктерді саралап, олардың тарихи-эволюциялық дамуын түркілердің мәдени құндылықтарына қатысты кешенді зерттеулер негізінде жаңаша зерделеу түркітанудағы өзекті мәселелердің бірі саналады.

КСРО құрамындағы түркі халықтарының этнографиясы, оның ішінде дәстүрлі киім үлгілері XX ғасырдың 30-жылдарынан кең ауқымда зерттеле бастады. С. П. Толстов, С. М. Абрамзон, Б. Х. Кармышева, Т. А. Жданко, Г. П. Снесарев, К. Л. Задыхина, М. В. Сазонова, А. С. Морозова, В. П. Курылев, В. Н. Басилов, Г. Н. Симаков, О. Б. Наумова, А. В. Коновалов, В. А. Прищепова және т.б. орыс ғалымдарының зерттеулерінде түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті жан-жақты сөз болды.

Түркі халықтарының дәстүрлі тұрмыстық мәдениетін, соның ішінде дәстүрлі киім үлгілерін зерттеуге қосқан В. В. Восторов, Х. А. Аргынбаев, И. В. Захаров, Д. Х. Кармышев, У. Д. Ходжаев, Х. А. Кауанов, М. С. Мұқанов, У. Х. Шалекенов, У. Джанибеков, С. Касиманов, С. Акатаев, Н. Э. Масанов, К. Ш. Шулембаев, Б. Ибраев, А. Т. Талеубаев, А. И. Мухамбетова, С. И. Аджигалиев, Б. Г. Нуржанов, З. Ж. Наурызбаева, Т. Х. Габитов, А. Б. Наурызбаева, А. А. Галиев, А. Б. Калышев, Т. Асемкулов, А. Ф. Бурковский, А. Джумагулов, Л. Т. Шинло, К. И. Антипина, К. Мамбеталиева, З. Л. Амитин-Шапиро, Т. Баялиева, М. Айтбаев, Б. Алымбаева, Н. Муравьева, А. Вамбери т.б. ғалымдардың қосқан үлестері ерен.

Түркілердің дәстүрлі киім-кешегі заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден-бір көрінісі ретінде олар ұстанған көшпелі және жартылай отырықшы өмір салтына сай, географиялық ортаның табиғатымен үйлесімділікте, жүріп-тұруға ыңғайлы болып келеді. Соған байланысты киім-кешек жүйесінде түркілік ортақтықты танытатын ортақ тұстармен қатар, түркі халықтарының әрқайсысының дара этникалық мәдениетінің төлтума болмыс-бітімін танытатын бір-біріне ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктер де орын алады.

«Адам – Киім» жүйесінде белден жоғарғы жаққа киетін киімдердің, олардың детальдарының семантикалық статусының жоғары болуына, керісінше, адамның белден төмен киімдерінің (етік, дамбал, белшалғыш т.б.) және олардың детальдарының (етек, ышқыр, байпақ, ұлтан, ұлтарак, өкше т.б.) семантикалық статустарының төмен болуына дүниенің мифтік қабаттарына, мифтік танымдағы жұп символдарға қатысты түркілердің ежелгі таным-түсініктерінің ықпалы зор.

Түркілер ұғымында бас киімнің семантикалық статусы жоғары, оған көк әлемімен байланыстырылатын киелілік қасиет дарытылады. Қазақ рәсімдерін түркі халықтарында кездесіп жататын аналогтерімен салыстыра зерделеген этнограф Н. Шаханова бас киімнің сакральді

«жоғары жаққа» қатысты семантикалық статусын *құт* ұғымымен сабақтастыра қарастыра келіп, «*бас – «құт» мекендейтін, ұялайтын орын*» деген түсініктің бас киімнің «қасиетті, киелі» саналуына негіз болғандығын айтады [1, 58-61].

Бас киімді құстың қауырсыны араластырылып жасалатын әшекей бұйыммен сәндеу, киімдердің етек-жеңіне рәміздік ұғымды тұспалдайтын ою-өрнек элементтерін салу түркілердің мәдени дүние бейнесінің эстетикалық және мифологиялық - діни фрагменттеріне жетелейді. Мәселен, Моңғолиядағы түркі ескерткіштерін зерттеуші ғалым Д.Баяр өзінің «Моңғолия аймағындағы көк түркілердің тас мүсіндері» мақаласында Хул Асгат жерінен табылған тас плитада бөрік киген үш адамның бейнесі бейнеленгенін, суретте тымақты бас киімнің желкелігі, екі ұзын құлақшыны мен сәл шығыңқы маңдайшасы көрініс тапқанын баяндайды. 1958 жылы Күлтегін құрметіне арналған еске алу кешеніне жүргізілген қазба барысында табылған, тастан жасалған бас бөлігіндегі тәжді ғалымдар диадема деп таныған болатын. Бес сайлы тәжі іспеттес бөріктің маңдай бөлігінде қанатын қомдап ұшқалы тұрған алып *құстың бейнесі* суреттелген. Ұшқалы тұрған құстың маңдай бөлігінде суреттелуі, ерте көшпелілер дүниетанымында қайтыс болған адамның жаны көкке ұшып құсқа айналады деген пікірге саяды. Тағы бір қызықты мәлімет 2001 жылы Білге қаған кешеніндегі қазба барысында табылған бес тісті диадема. Мұнда да маңдай бөлігінде қанатын жайып тұрған құстың бейнесі суреттелген. Тәжінің немесе диадемасының маңдайшасына бейнеленген жыртқыш құс бейнесі тек түркі ақсүйектеріне тән белгі болған [2, 84–95].

Археологиялық мәліметтер мен жазба деректер әр кезеңде және әр территорияда «үш мүйізді» бас киімдер («тәждер») ер адамдармен қатар әйел адамдар ортасында да кең таралғанын айғақтайды [3, 64; 4, 54-55].

Бичикту-Бомның бір композициясында қолына бала ұстаған ұзын етекте шекпен киген *үшмүйізді бас киімді* әйел адам бейнеленген. Үш мүйізді бас киімді әйел Алтайдағы қудыргәлік қой тастағы көріністе де салынған. Үш мүйізді бас киім Жетісудағы әйел тас мүсіндерінің қатарында да орын алады. Г.Кубарев нақты әйел бейнесі бейнеленген және «*үш мүйізді тәжді*» тас мүсіндерді зерттеушілер балалар мен жауынгерлер қамқоршысы Ұмай ана бейнесімен жиі салыстырады [5, 157-158].

Халық мәдениетін таңбалайтын маңызды дереккөздердің бірі оның тілі десек, түркі тілдерінде бас киімнің тұтас өзіне қатысты қолданылатын атаулардың өзі сан түрлі болып келеді. Мәселен, *бөрік* [6] елтіріден, аң терісінен істелген, матамен тысталған, құлақсыз бас киім. Бөрік қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық бас киімі болып, қыстық және жаздық бөрік болып бөлінеді. Қыстық бөрік ішіне жүн немесе мақта салып тігіледі. Ал жаздық бөрік мақта салынбай қос астарланып тігіледі [6, 110-113].

«Бөрік» сөзі түркі тілді халықтардың бәріне ортақ сөз. Бұл лексеманың этимологиясы жайлы ғалымдар әртүрлі пікір айтады. Көрнекті түркітанушы ғалым Н. К. Дмитриев бөріктің аң терісінен жасалуына байланысты бұл атауды «бөрі» сөзімен байланыстырады [7, 325]. Э. В. Севортянный пікірінше, «бөрік – бұ+рүк – бүрүк и далее бөрк – бүрк представляет собой производное, образовавшееся с помощью отглагольно-именного аффикса- /a/ – к от глагола бөр-буру «покрывать». Причем, «бөрк//бүрк» и все остальные, односложные формы представляют собой вторичные образования, явившиеся результатом редукции закрытого гласного второго слога и стяжения двусложной производной обнови в односложную» [8, 152].

Сол сияқты *жыға* атауының түркі тілдерінде үш түрлі мағынада қолданылатыны байқалады: *құс қауырсыны, асыл тасты алтын әшекей* (екеуі де бас киімдікі) және *бас киімнің тұтас өзіне* қатысты қолданылады. Қазақ тілінде *жыға* - «қылыш өтпес үшін батырлардың бас киімінің артқы жиегіне бастырылған зат». *Жыға* атауы қазақ тілінде «қыздардың бас киіміне қадайтын құс қауырсыны» деп те түсіндіріледі. Өзбектерде *жыға* – «сопақша металға түрлі түсті асыл тас, құс қауырсыны орнатылған әшекей». Бұл әшекейді бас киіміне үйлену тойында күйеу жігіт те, сүндетке отырғызылған күні жас бала да тағады. *Жыға* түркімен тілінде де көнерген сөз ретінде сақталған, онда да екі түрлі мәнде: «кітаптың бет аралығына белгі ретінде салып қоятын құс қауырсыны және сұлтан, яғни алтынды әшекей. Қырғыз тілінде *жыға* деп қалыңдық және хан киетін биік бас киімді, сұлтанды (әшекейді, асылды) айтады. Ол - Осман түріктерінің тілінде де солай: «аграфь, султан на чалме» және «головное украшение новобрачных» делінген. Түркі тілдеріндегі осы *жыға* атауы – парсы сөзі [9, 134 ].

Қазақтарда қыз баланың, сал-серілердің бас киіміне *үкі* қадау дәстүрі о баста табиғаттан тысқары, пайымдауға сыя бермейтін сиқырлы – сұғанақ күштердің, дәлірек айтқанда, жын, перілердің «салқынын» бойына тартып, пәле-жаладан, сұқ көзден, ауру-сырқаудан

сақтайды-мыс деген көне наным-сенімімен сабақтасады. Қымбат аң елтірісімен көмкеріліп, төбесіне үкі қадалатын ұлттық баскиім – көмшат бөрікті ерлер де, қыздар да киген. *Үкілі көмшат бөрік* бойжеткендерге арналып айрықша сәнмен тігілген [9,75].



Камшат бөрік.



Үкілі көмшат бөрік

Қазақтар тіл көзден сақтау үшін *үкі* мен *тұмарды* қатар пайдаланса, түріктер негізінен *тұмарға* ерекше мән береді. Мәселен, түріктердің әшекей бұйымдары «*takılar*» деп жалпы аталады, яғни қазақ және түрік тілдеріне ортақ *taq-* «тағу» түбір етістігіне барып саятын «тағынатын заттар». Тақылардың бірі - *hamayli*. Ішінде құран сүрелері мен аяттары жазылған мойынға тағатын әшекей. Қолтықтан белге дейінгі аралықта түсіп тұрады. Пішіні үшбұрышты немесе ромб тәріздес келеді. Осман дәуірінде *hamayli* адамдарды тіл көзден және басқа да жамандықтардан қорғау үшін тағылған. Ұшына міндетті түрде теңге, сақина тағылады [10, 12].



Хамайлы

Түріктердің *hamaylı* әшекейі қазақтың тіл-көзден сақтау үшін мойынға тағынатын *тұмары*мен семантикалық-функционалдық жағынан толық сәйкес келеді. Тұмардың тұмарша, бойтұмар деп аталатын түрлерін зергерлер күмістен бұрыштап немесе жұмыр түтікше тәріздендіріп жасаған, ішіне құран сүрелері жазылған қағаз салынады және басқа да тіл-көзден сақтайтын нәрселер қолданылады [10, 107]. Мұндай наным-сенімнен туындаған үрдіс киімді солға қаусырыну, киімнің жағасына, шалғайына, етек-жеңіне оқа тігу, кимешектің өңіріне, жақтауына ою-өрнек салып, кесте жүргізу т.б. түрінде де көрініс береді.

Түркілердің дәстүрлі киіну мәдениетіндегі ортақтықтардың бірі – киімнің сәндік-эстетикалық үлгілеріне, әшекей бұйымдарға оюлар мен өрнектерді басты элементтер ретінде қолдануында. Мәселен, қазақтардағы киімнің жаға-жеңіне, өңіріне кестеленетін, сондай-ақ сырға, шашбау, белбеу т.б. киім аксессуарлары бетіне салынатын ою-өрнектердің *өсімдік типтес, зооморфтық, торлы, шимай, ирек, шырмауық, төртайшық, егізжұп, қосмүйіз, тоғызтөбе, қырықмүйіз, төрткүл, бесбас, сегізгүл, алтыбасар, бестемше, онекі таспа* т.б. түрлері түркі халықтарының көбінде кездеседі.

Қазақ халқының дәстүрлі тұрмыстық-заттық мәдениетінде ою-өрнектердің: 1) өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, дәні т.б. негізгі элементтері бейнеленетін өсімдік типті; 2) жануарларды, яғни аң-құс, балық т.б. түрлі жәндіктерді және олардың мүшелерін бейнелейтін зооморфтық типі; 3) дөңгелек, ирек, шимай, торкөз т.б. түрде көрініс беретін космонологиялық типтері орын алады. Дегенмен зооморфтық үлгіге басымдылық беріледі. «Арқар мүйіз», «Қошқар мүйіз» оюлары халқымыздың күнделікті тұтыну заттарында, үй мүліктерінде әсемдік сипатта жиі қолданылады [11, 12].

Мұндай негізгі өрнек түрлерінен бөлек қазақ шеберлері көп қолданылатын ою-өрнек элементтерінің мынадай атаулары бар:

1) Аспан әлеміндегі құбылыстарға байланысты өрнектер: ай, күн, жұлдыз, айшық, аймүйіз, құс жолы, жұлдызша, кемпірқосақ т.б.

2) Заттардың атауына байланысты өрнектер: балға, балта, тарақ, балдақ, күмбез, табақ, қарамақ т.б.

3) Эпиграфиялық өрнектер – яғни жазуды өрнек тәріздендіріп, белгілі бір заттың бейнесіне келтіре әдемілеп, астарлап жазу.

4) Ру таңбалары мен ел таңбалары және малға салынатын ентаңбаларға байланысты ою-өрнек элементтері: тұмар, айшық, босаға, абақ, тарақ, көз, шөмгіш, шылбыр, көсеу, ашамай т.б. [11, 29].



Қазақ ою-өрнектерінің негізгі типтері

Қазақтардың тұрмыстық мәдениетінде «бақыт-береке, байлықтың және мал-жанның көбеюінің символы» ретінде ұғынылатын «қошқармүйіз» ою-өрнегі сырмақта, басқұрда, алашада, кілемде, былғары, сүйек, ағаш зергерлік бұйымдардың барлық түрлерінде кеңінен қолданылады. Қазақтың «қошқар мүйіз» оюымен семантика-графикалық тұрғыдан сәйкес түсіп жататын түрік халқының «қошбоунузу» (қош «қошқар», боунуз «мүйіз») оюы тұрмыстық заттарды сәндеудегі негізгі элемент болып табылады [12, 167].



Қошқар мүйіз

Қошбоунузу

Қошқар мүйізге ұқсайтын түрікте «Eli belinde» (сөзбе-сөз: қолы белінде) өрнегі де бар. Қошбоунузу өрнегінде қошқардың екі мүйізі екі жаққа иіліп тұрса, «Eli belinde» өрнегінде адам екі қолымен белін таянып тұрады. «Қосбоунузу» еркек, «elibelinde» әйел түсінігінде қолданылады. Бұл екі өрнектің қосындысынан «bereket» өрнегі келіп шығады. Берекет сөзінің мағынасы береке, бақыт ұғымын береді. Демек, бұл өрнектер екі халықта тек сыртқы бейнесі жағынан ғана емес, арқалайтын символдық мәні тұрғысынан да ортақтық құрайды [10, 24].



Elibelinde

Bereket



Қазақ және түрік халықтарының дәстүрлі киім үлгілерінде «қошқар мүйіз» тобына енетін ою-өрнектер киімнің жаға-жеңіне, өңірлеріне зер жіппен кестеленіп, киімнің эстетикалық-сәндік және символикалық-нанымдық (ырымдау) семантикасын жетілдіруге қатысады.

Сайып келгенде, қазіргі түркі халықтарының дәстүрлі киім үлгілерінде және олардың атауларында ұқсастықтар көптеп кездеседі. Мұның басты себебін түркілік мәдениеттің тарихи тектестігімен, түркі әлемінің жалпытүркілік, арғытүркілік, көнетүркі және ортатүркілік кезеңдердегі біртұтастығымен түсіндіруге болады. Түркі халықтарының әрқайсысының төлтума этникалық мәдениеті олардың дәстүрлі киім үлгілерінде өзіндік ерекшеліктерді қалыптастырғаны сөзсіз.

Дәстүрлі ұлттық киім үлгілері және олардың сәндік-эстетикалық безендірілуіндегі ұлттық нақыш – әр заманның талабына сай толықтырыла, жетілдіріле отырып ұрпақтан ұрпаққа мирастыққа қалдырылатын ұлт мәдениетінің баға жетпес асыл қазынасы. Олай болса, түркі халықтарының дәстүрлі киім үлгілерінің көне нұсқаларын, жоспарлы түрде кең көлемді далалық экспедициялар ұйымдастыру арқылы жинауды ел аузындағы мәліметтерді жазып алумен қатар жүргізу; заманауи техникалық жетістіктерді пайдалана отырып құжаттау; мұражайлардағы киім-кешектерге жаратылған мата, аң терілері, былғары, шекпен, жұқа киіз т.б. бұйымдардың сақталу және өңі тоза бастағандарын қайта қалпына келтіріп, арнайы альбомдар, буклеттер шығару; киім-кешек және әшекей-бұйымдар, киім детальдарына салынатын ою-өрнектер атауларын салыстырмалы тұрғыдан арнайы зерттеу, лексикографиялаудың арнайы нысанына алу [1] түркі әлемінің мәдени құндылықтарын сақтау және кеңінен насихаттау, келер ұрпаққа табыс ету ісіне қосылатын үлкен үлес болмақ.

#### **Әдебиеттер**

1. Шаханова Н. *Мир традиционной культуры казахов.* – Алматы: Қазақстан, 1998. – 169 с.
2. Баяр Д. *Каменные монументы как тюрков на территории Монголии // Тюркское наследие Евразии VI-VIII вв.* – Астана: Түркі мұрасы, 2012. – 227 б.
3. Курманкулов Ж., Жаныбеков Б.Ш. *Каменное изваяние шаманки в «трехрогом» головном уборе из Северного Прибалхашья // Маргулановские чтения. Тезисы.* – Петропавловск, 1992. – 400 с. б.;
4. Ермоленко Л.Н. *К проблеме изваяний в «трехрогих» головных уборах.* Вып.1. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 1995. – 353 с.

5. Табалдиев К. *Наскальные гравюры древних тюрок Алтая раннесредневековые тюрки Тянь-Шаня* // Тюркское наследие Евразии VI-VIII вв. – Астана: Түрк мұрасы, 2012. – 227 б.
6. Сагидолда Г. С. *Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері*. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 304 б.
7. Дмитриев Н. К. *Грамматика башкирского языка*. Издательство Академии Наук СССР, 1948. – 493 с.
8. Севортян Э. В. *Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву "Б"* /АН СССР.Ин-т языкознания. – Москва: Наука,1978. – 349с.
9. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 869 б.
10. *Geleneksel Türk Giysi Aksesuarları*. – Ankara, 2012. – 76 б.
11. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*. – Алматы, 1996. – №9. – 559 б.
12. Өмірбекова М. Ш. *Қазақ ұлттық киімінің лексикасы*. – Алматы: Дәуір, 2015. – 465 б.